
КОНСТИТУЦИОННОЕ И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО CONSTITUTIONAL AND INTERNATIONAL LAW

ӘОЖ 10.15.59

И.Ж. Алиева, Е.К. Кубеев

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: indira0684@mai.ru)*

Адам және азаматтардың денсаулық сақтау құқығының конституциялық негіздері

Мақала адам және азаматтың денсаулық сақтау құқығының конституциялық нормаларда бекітілу мәселесіне арналған. Адамның денсаулығын сақтау құқығы адам және азаматтың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қалыптастыратын болғандықтан және денсаулық адамның өміріндегі ең жоғарғы игіліктерінің қатарына жатқандықтан, конституциялық нормаларда көрініс табуы жоғарғы деңгейде құқықтық кепілденуін қамтамасыз етеді. Мақаланың мақсаты — салыстырмалы және эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы Қазақстан Республикасы мен шетелдердің конституциялық нормаларында денсаулық сақтау құқықтың бекітілу ерекшеліктерімен танысу арқылы құқықтық реттеудің тиімді жолдарын анықтау. Мақалада денсаулық сақтау құқығының түсінігі мен құрылымының теориялық тұрғыда қарастыру барысында құқықтық нормаларда жеке «адамның денсаулық сақтау құқығы» және «халықтың денсаулық сақтау құқығы» деген екі категориядағы денсаулық сақтау құқығын қолданатын субъектілер құрамы анықталды. Аталмыш екі категориядағы субъектілердің денсаулық сақтау құқықтарының мазмұны халықаралық актілерде толығымен ашылып, бекітілген. Бірақ адамның денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз етілуі және тиімді қорғалуы мемлекеттің Негізгі Заңы — Конституцияда бекітілуіне және конституциялық нормалардың адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сай келуі арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Авторлар зерттеу негізінде келтірілген конституциялық нормалар бойынша салыстырмалы мәліметтер адамның денсаулық сақтау құқығын конституциялық нормаларда бекіту негізінен аса ерекшеліктерге ие емес екенін дәлелдеп, кейбір мемлекеттер конституцияларындағы лауазымды тұлғаның денсаулық сақтау саласындағы бекітілген жауапкершілігі құқықтық реттеудегі негізге алатын тәжірибе ретінде түйіндеме жасаған.

Кілт сөздер: адам, конституциялық құқық, әлеуметтік-экономикалық құқықтар, денсаулық сақтау құқығы, Конституция, халықаралық акт, адамның денсаулық сақтау құқығының халықаралық стандарттары, медициналық көмек алу.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде бекітіп, адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүруі мен еркін дамуына жағдай жасау саясатын жүргізеді. Әлеуметтік мемлекет ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан алдында ҚР Конституциясы мен халықаралық нормалармен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабында бекітілген азаматтардың денсаулық сақтау құқығы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды элементі болып, заманауи мемлекеттер мен адам арасындағы қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Денсаулықты сақтау құқығының толық және сапалы орындалуы жеке тұлғаның еңбек ету бостандығына, адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүру, тынығуға деген конституциялық құқықтарының тиімді жүзеге асырылуының кепілі болып келеді. Сонымен бірге әлеуметтік мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа Қазақстанның өзін танытуы адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүруі мен еркін дамуына жағдай жасау саясатын жүргізіп отырады. Ал мемлекет пен халықаралық

қауымдастық арасындағы денсаулық саласындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздері БҰҰ басты құжаттарында көрініс тапқан. Еуропа елдеріндегі Еуропа одағының қызметінің негізінде қалыптастырған әлеуметтік-экономикалық құқықтар стандарттары адам құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған саясатты қалыптастыру үшін негізге алатын тәжірибе болып саналады [1]. Адамның денсаулығын сақтау құқығы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды элементін қалыптастырып, мемлекет пен жеке тұлғаның қарым-қатынасының маңызды көрсеткіші болып келеді. Адамның денсаулық сақтау құқығының маңызы денсаулықтың жеке және қоғамдық игілік ретінде әлеуметтік маңыздылығымен анықталады. Адамның денсаулығын сақтау құқығының қажетті деңгейде қамтамасыз етілуі жеке тұлғаның дамуы мен конституциялық құқықтарының, оның ішінде өмір сүру, еңбек ету еркі, кәсіпкерлік қызметпен айналысу сияқты құқықтарының тиімді жүзеге асырылуына әсерін тигізіп отырады. Жаһандану үрдісінің жалғасуы тек әлемдік экономика емес, сонымен бірге тұрғындардың да және жеке адамның да денсаулығына да үлкен әсерін тигізіп жатыр [2].

Негізінен осы жағдай денсаулық сақтау саласында ұлттық және халықаралық деңгейде шешуін талап ететін мәселелер көтереді. Дәстүрлі түрде алғашқы халықаралық шаралар жұқпалы ауруларды алдын алуға бағытталатын болатын, бірақ жұқпалы емес аурулардың кең етек алуы денсаулық сақтау саласында ең төменгі талаптардың орындалмауы әлемдік деңгейде жүргізілетін халықаралық шаралардың мазмұнын кеңейтуге негіз болды. Сонымен қатар әлемдегі болып жатқан демографиялық жағдайлар адамның денсаулық сақтау құқығының сақталуы мен қорғалуы материалдық игіліктерді өндірудегі негізгі ресурстар екенін дәлелдеді. Қазіргі уақытта халықтың денсаулығына келіп жатқан қатерлер (жұқпалы аурулардың кең етек ала бастағаны, нашакорлық, жаңа ғылымға белгісіз вирустардың пайда болуы, экологиялық қатерлер және адамның өмір сүру дағдысының өзгеруі) ғылым салаларында, оның ішінде конституциялық құқық ғылымында да адамның денсаулық сақтау құқығының қамтамасыз етілу мен жүзеге асыру тетіктеріне зерттеу жүргізу және құқықтық кепілдікерін әрекет етуін анықтау маңызды мәселе болып саналады.

Адамның денсаулық сақтау құқығының халықаралық құқықтық негіздері

Адамның денсаулықты сақтау құқығы өзінің мазмұнына байланысты медициналық көмек алу құқығының түсінігімен салыстырғанда кең ұғымды қалыптастырады. Адамның денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз ету көптеген мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметімен байланысты. Бірақ, басқа конституциялық құқықтар сияқты, адамның ажырамас құқықтарының қатарына кіреді. Халықаралық деңгейде «денсаулық сақтау» ұғымының стандартты түрдегі ұғымы нақты қалыптаспаған. Шетел ғалымдары бұл ұғымды тек дәрігерлік көмек алу ретінде ғана қарастырмай, аурулардың алдын алу, патронаж, денсаулыққа қажетті өмір сүрі деңгейі, тағы басқа ұғымдармен байланыстырады. Халықаралық құқықтық нормаларда да «денсаулықты қорғау» ұғымы әртүрлі сипатта берілген. Мысалы Еуропа Әлеуметтік хартиясы денсаулықты сақтауға бағытталған шаралар ретінде ауру салдарын алдын алу, денсаулықты нығайтуға бағытталған кеңес беру мекемелерін құрып, адамдардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастырып, эпидемиялық ауруларды алдын алу шаралары ретінде бекіткен. ТМД-ның 1995 ж. қабылдаған «Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы» Конвенциясы да «денсаулықты сақтау» ұғымын Еуропа әлеуметтік хартиясында бекіткендей болып отыр.

Адамның денсаулық сақтау құқығының нормативтік негізін 1948 ж. қабылдаған Жалпыға бірдей адам құқықтары туралы Декларация қалыптастырды. Аталмыш құжатын 25-бабында «әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын, әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта немесе өзіне байланысты емес, басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы» адамның өмір сүруі мен денсаулығын сақтауға байланысты құқықтар танылып, жарияланған болатын.

1966 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Пактіні бекітіп, осы топтағы оның ішінде адамның денсаулық сақтау құқығының мәртебесін конституциялық құқықтар жүйесінде анықтап, Пактіге қосылған мемлекеттерге осы топтағы құқықтарды қамтамасыз ететін ұлттық нормативтік негіздерді қалыптастыру міндетін жүктеген болатын.

«Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Пактінің нормасы адамның денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттерге келесідей міндеттер жүктейді:

– балалардың өлі тууы мен шетінеу санының азаюын қамтамасыз ету және балалардың салауатты дамуына жағдай туғызу;

– сыртқы орта гигиенасының және өнеркәсіптегі еңбек гигиенасының барлық аспектілерін жақсарту;

– індет, эндемиялық, кәсіби және өзге де аурулардың алдын алу және олармен күресу;

– науқастанған жағдайда баршаға медициналық жәрдем беру мен дәрігерлік күтімді қамтамасыз ететіндей жағдай жасау үшін қажетті іс-шараларды қамтуға тиіс [3].

Адамның денсаулық сақтау құқығының негізгі көрсеткіштері сонымен бірге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) қабылдаған актілерінде бекітілген. ДДСҰ жарғысы «денсулықтың ең жоғарғы деңгейіне ие болу», әр адамға, дініне, ұлтына, саяси көзқарасына, экономикалық және әлеуметтік жағдайына қарамастан, тән фундаменталды құқытары ретінде бекітіп, мемлекеттерге үлкен міндеттер белгілейді [4]. Халықаралық құқық нормалары, денсаулықты сақтаудың негізін бекітетін халықаралық стандарттар және осы стандарттарды енгізу құралдары ұлттық заңнаманың қалыптасуына әсерін тигізіп, адамның денсаулық сақтау құқығының мемлекет өмірінде маңыздылығын арттырады. С.Бейтстің ойынша, адам құқықтарын «жедел қамтамасыз етуді талап ететін жеке тұлғаның мүдделерін» білдіретін нормалар болғандықтан, олардың қорғалуы «жедел» жүзеге асырылып, мемлекет үшін маңызды болу алғышарт болып саналады. Мемлекетте аталмыш мүддені қорғау жүйелері қалыптаспаса, халықаралық қауымдастықтың мемлекеттің ішкі ісіне араласуына негіз туындатады» деп, адамның денсаулығын сақтау құқығының маңыздылығын атап өткен [5]. Әрине, адамның денсаулығын сақтау құқығының құндылығы және қамтамасыз етілуі ұлттық заңнамаға, оның ішінде конституциялық нормаларға байланысты.

Адамның денсаулық сақтау құқығының конституциялық нормаларда бекітілу ерекшеліктері

Құқықтық табиғатына байланысты азаматтардың денсаулық сақтау конституциялық құқығы әлеуметтік-экономикалық құқықтар тобына жатқызылады. Адамның денсаулық сақтау құқығының мазмұнын ашып қарастыратын болсақ, онда келесідей ұғымдар мен категориялардан тұратынын байқауға болады:

- физикалық және психикалық денсаулықтың мемлекет тарапынан қамтамасыз ететін ең жоғарғы деңгейге адамның ие болу құқығын білдіре отырып, әртүрлі медициналық қызметке, санитарлық-гигиеналық, қажетті тамақтану жағдайына, қадір-қасиетіне сай, тұрғын үйге және еңбек ету мен қолайлы қоршаға ортада тұру мүмкіндіктерін білдіреді. Сонымен қатар адамның денсаулық сақтау құқығын екі деңгейде қарастырылады:

- халықтың денсаулығын қорғау;

- жеке тұлғаның денсаулығын қорғау.

Халық денсаулығын қорғау институты адамның денсаулығын сақтау құқығының ең ежелгі түрі болып келеді. Халық денсаулығын сақтау саласындағы алғашқы нормалар моральды акт түрінде пайда болған болатын. Бұл актілердің ерекшелігі ретінде жалпы халық денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғалардың құқықтарын шектейтін нормалар сипатында болды. Халықаралық деңгейде «денсаулық сақтау» ұғымының стандартты түрдегі ұғымы нақты қалыптаспаған. Халықаралық құқықтық нормаларда да «денсаулықты қорғау» ұғымы әртүрлі сипатта берілген.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар тобына кіретін адамдардың денсаулық сақтау құқығы көптеген мемлекеттердің конституцияларында ХХ ғасырдың ортасына таман пайда болды. Ал Веймар Конституциясы мен Кеңес Одағының алғашқы конституциялары аталмыш топтағы құқықтарды алғаш рет ХХ ғасырдың бас кездерінде бекіте бастады және осы нормалар әлемдік деңгейде әлеуметтік-экономикалық құқықтардың, оның ішінде денсаулық сақтау құқығының танылуына және халықаралық нормативке сай бекітілуіне негіз болды.

Адамның денсаулық сақтау құқығының конституцияларда бекітілуі әр мемлекетте әртүрлі сипатта жүзеге асырылды. Аустрия, Дания, Ирландия сияқты мемлекеттердің конституцияларында адамның денсаулық сақтау құқығы айқын түрде анықталмаған.

Аустрия конституциясында нақты адамның денсаулық сақтау құқығы бекітілмегенмен, денсаулық сақтау саласын құқықтық реттелуі мен атқарушы билік тарапынан жүзеге асырылуы жалпы Федерацияның құзыретіне кіретінін бекіткен. Ұлыбритания заңдарының жинағы тек адамның

қоғамдағы орны мен құқықтары мен бостандықтарын айқындап, денсаулық сақтау құқығы туралы еш мәлімет бермейді.

Кейбір Еуропа елдерінде адамның денсаулық сақтау құқығы конституцияларда әртүрлі сипатта бекітілген. Греция конституциясының 21-бабында ауыратын, емделмейтін аурумен ауыратын адамдардың, мүгедектердің денсаулығын қорғау мемлекеттің міндеті ретінде бекітілген [6]. Бельгияның конституциясының 23-бабында денсаулық сақтау құқығы адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүрі құқығымен байланыстырылған [7].

Италия конституциясының 32-бабында «республика денсаулықты жеке тұлғаның негізгі құқығы және қоғамның мүддесі ретінде қорғауға алатынын, тұрмысы төмен тұлғаларға ақысыз емделуге кепілдік беретінін» бекіткен [8]. Ал Болгарияның конституциясы аталмыш құқықты бекітуде азаматтардың құқықтарын кең және нақты түрде айқындауға тырысқан. Болгария Республикасының конституциясының 52-бабында адамның денсаулық сақтау құқығын бекітуде келесі аспектілерді қамтыған:

1. Азаматтар медициналық көмек алуға кепілдік беретін денсаулығын сақтандыруға және заңда көрсетілген негіздерде ақысыз медициналық көмек алуға құқығы бар екендігі бекітілген.

2. Азаматтардың денсаулығын қорғау мемлекет бюджеті, жұмыс беруші, жеке және ұжымдық төлемдер және басқада заңда көрсетілген қаржы көздері арқылы қамтамасыз етіледі делінген.

3. Мемлекет азаматтардың денсаулығын қорғайды және спорт пен туризммен айналысуды қолдайды.

4. Заңда көрсетілген жағдайлардан басқа ешкім де еркінен тыс емделуге мәжбүрленбейді.

5. Мемлекет денсаулық сақтау мекемелері мен дәрі, биопрепараттар, медициналық техника шығаратын және сататын мекемелердің қызметіне бақылау жүргізеді [9].

Ал ТМД елдерінде адамның денсаулығын қорғау құқығын конституцияда бекітуде өзіндік ерекшелігі бар. ТМД елдерінің конституцияларына талдау жасасақ, онда жалпы мемлекеттердің барлығында кездесетін келесідей ережелерді байқауға болады:

-адамның денсаулық сақтау құқығы ТМД елдерінің, Өзбекстан мен Армениядан басқа, мемлекеттерінің барлығында бекітілген.

-негізгі ТМД елдерінде денсаулық сақтау құқығы барлық адамдарға тән құқықтар қатарына кіргізілген. Бірақ Белоруссия, Қазақстан, Қырғыз Республикасы мемлекеттердің конституцияларында адамның денсаулығын сақтау құқығын бекіткенде «барлық» деген ұғымның орнына «азаматтар» ұғымы қолданған.

Аталмыш ереже, кейбір ғалымдардың пікірінше, азаматтар қатарына кірмейтін басқа адамдардың құқықтары шектелуіне негіз болады деген. Аталған мемлекет конституцияларындағы нормаларда «барлық адам» деген ұғымның орнына «азаматтар» ұғымын қолдануы, әрине, басқа категориядағы адамдардың денсаулығын қорғау құқығына шек келтіреді дегенді білдірмейді. Конституцияның 29-бабының әрекеті барлық адамдарға тән екенін Конституциялық кеңестің Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы 2001 жылғы 21 желтоқсан Қаулысы дәлел болып табылады. Конституциялық кеңестің қабылдаған Қаулысына сай, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы «Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген сөздері бөлігінде Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді. Қазақстанда Конституцияға сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі». Негізінен, Г.Андрееваның тұжырымдамасымен келісе отырып, адам құқықтарын бекітуде «адам» және «азамат» ұғымын қолдануда мемлекеттің тарихи, саяси, құқықтық дәстүрге негізделген [10].

Адам және азаматтардың медициналық көмек алу құқығы, Әзербайжанды санамағанда, ТМД елдерінің барлық конституцияларында көрініс тапқан. Әзербайжан Республикасының конституциясында заңда бекітілген нысындарда медициналық көмек алу және медициналық қызмет көрсетуге құқығы бар делінген. Қазақстан Конституциясы «республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға құқылы және мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі» деген нормалар бекіткен.

Жалпы мемлекеттердегі адам және азаматтың денсаулық сақтау құқығының конституциялық нормаларда бекітілуі өзінің мазмұнына бірнеше элементтерді қамтиды. Ол элементтер денсаулық сақтау құқығын жүзеге асырудың әртүрлі кезеңдерінде азаматтардың заңнамада көрсетілген медициналық көмек алуға өкілеттіліктері және мемлекеттің медициналық көмектің қажетті көлемін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерін білдіреді. Ол элементтердің конституциялық нормаларда көрінісін келесі кестеден байқауға болады.

К е с т е

Адам және азаматтардың денсаулық сақтау құқығының конституцияларда салыстырмалы бекітілуі

№	Конституция нормаларындағы негізгі ережелер	Қазақстан Республикасы	Әзербайжан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Болгария Республикасы	Италия Республикасы
1	2	3	4	5	6	7
1	Адамның денсаулық сақтау құқығы	29 б	41 б	46 б	52 б	32 б
2	Адамның медициналық көмек алу құқығы	Заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға құқылы	Әр адам медициналық көмек алуға құқығы бар	Ақысыз медициналық қызмет алу құқығы мен медициналық қызмет заңда бекітілген мемлекет кепілдік берген көлемде беріледі	Заңмен белгіленген тәртіпте қолжетімді медициналық көмек алу және тегін медициналық қызмет алуға кепілдік береді	Тұрмысы төмен тұлғаларға ақысыз ем алуға кепілдік беріледі
3	Спорт және салауатты өмір сүруді қолдау				Мемлекет азаматтардың денсаулығының сақталуына қамқорлық жасайды және спорт пен туризмнің дамуына жағдай жасайды	
4	Медициналық сақтандыру	-	Медициналық сақтандырудың әртүрлі нысандарының дамуына жағдай жасайды		Азаматтардың денсаулық сақтау құқығы мемлекеттік бюджеттен, жұмыс берушінің есебінен, әлеуметтік сақтандырудың жеке және ұжымдық қорлары арқылы қаржыландырылады	
5	Санитарлық эпидемиологиялық, экологиялық жағдайды қалыптастыру		48-бап. Азаматтар денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға ие болу құқығы бар		55-бап. Азаматтар денсаулыққа қажетті қолайлы қоршаған ортаға ие болу құқығы бар	

1	2	3	4	5	6	7
			Табиғатты қолдану аясында әрқайсысы денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар			
6	Денсаулыққа зиян келтіретін жағдай туралы хабарлама		Заңда бекітілген тәртіпте лауазымды тұлғалар адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп туған жағдайлар туралы мәліметтерді жасырған үшін жауапкершілікке тартылады			
7	Адамның денсаулығы мен өміріне төнген қатер және жағдай туралы деректі жасырған үшін лауазымды тұлғаның жауапкершілігі		41-бап 3-тармақ. Адамның денсаулығы мен өміріне төнген қатер және жағдай туралы деректі жасырған үшін лауазымды тұлға заңға сай жауапкершілікке тартылады	47-бап 4-тармақ. Адамның денсаулығы мен өміріне төнген қатер және жағдай туралы деректі жасырған үшін лауазымды тұлға заңмен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады		

Мемлекеттердің конституцияларына жасаған салыстырмалы талдау адам және азаматтардың денсаулық сақтау конституциялық құқықтарының келесідей ерекшеліктерді айқындады:

-Адамның денсаулық сақтау құқығын бекіткенде мемлекеттер құқықты қолданатын субъектіні бекіткенде әртүрлі терминология, яғни «азамат» немесе «әрқайсысы» деген ұғымды қолданады. Конституциялардағы терминологиядағы «азамат» деген ұғымның қолдануы денсаулық сақтау құқығын қолданатын субъектілер құрамын шектеу жағдайын тудыртуы мүмкін.

-Кейбір Еуропа елдерінде адамның денсаулық сақтауға байланысты құқықтары конституциялық нормада бекітілмеген. Бірақ Еуропа мемлекеттері халықаралық нормаларға қосылғандықтан және Еуропа одағы шеңберінде қабылданған Әлеуметтік Хартия (11-б.) адамның денсаулық сақтау құқығының қорғалуына бағытталған мемлекеттің міндеттерін бекітіп отыр. Ал өздерінің халықаралық саяси аренадағы анықталған бағыттарына сай Еуропа кеңесінің және ТМД-ның құрамын кіретін елдерде (Ресей Федерациясы, Армения, Әзербайжан, Молдова) Еуропа Әлеуметтік Хартияның ережелері міндетті және олардың ұлттық құқық жүйесінде көрініс тауып отыр. Ал Еуропа одағына кірмеген мемлекеттер үшін еуропалық әлеуметтік-экономикалық стандарттар мемлекеттің дамуында негізге алатын тәжірибе ретінде қолдануға болады.

– Кейбір мемлекеттер конституцияларында мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың денсаулыққа зиян келтіретін жағдай туралы азаматтарға хабарлама жасау міндеті денсаулық сақтау құқығының сақталуына кепілдік береді.

– Барлық мемлекеттер конституциялық нормаларда міндетті медициналық немесе әлеуметтік сақтандыру енгізу арқылы медициналық көмек алу негіздерін бекітпеген.

Сонымен, ТМД елдері мен басқа де шет елдердегі адам және азаматтардың денсаулық сақтау құқығының конституциялық нормалары тұрғындардың денсаулығын қорғау мен нығаюға бағытталған. Оның ішінде конституциялық нормалар мемлекеттегі денсаулық сақтау мен медициналық қызмет көрсету жүйесін тұрақты түрде жетілдіруді талап етіп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1 Базарова Г. Международно-правовая регламентация вопросов социально-экономической политики в странах Содружества Независимых Государств / Г.Базарова // Право, политика, администрация. — Т. 2.-Брой 1/2015 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.lpajournal.com/>

2 See also the comprehensive article by Lawrence O Gostin & Allyn L Taylor, *Global Health Law: A Definition and Grand Challenges*, 1(1) *Pub Health Ethics* (2008) 53–63.

3 Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт/ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_.

4 Устав (Конституция) Всемирной организации здравоохранения, ратифицированный 7 апреля 1948 году в Женеве [Электронный ресурс]. — Режим доступа: apps.who.int/gb/bd/PDF/bd48/basic-documents-48th-edition-ru.pdf.

5 Charles C Beitz. *The Idea of Human Rights* (OUP, Oxford, 2009) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=McJl4x0-.

6 Конституция Греческой Республики, принятая 11 июня 1975 г [Электронный ресурс]. — Режим доступа: legalns.com/компетентные-юристы/правовая-библиотека/конституции-стран-мира/конституция-греции.

7 Конституция Бельгии от 17 февраля 1994 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: legalns.com/download/books/cons/belgium.pdf.

8 Конституция Итальянской Республики, принятая 22 декабря 1947 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: legalns.com/download/books/cons/italy.pdf.

9 Конституция Республики Болгарии, принятая 12 июля 1991 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: legalns.com/компетентные-юристы/правовая-библиотека/конституции-стран-мира/конституция-болгарии.

10 Bazarova G.S. *Legal Content and the Issues of Classification of Socio-economic Human Rights* / S.G. Bazarova, A.I. Birmanova, I.Z. Aliyeva, G.U. Balgimbekova & S. Nailya // *Journal of Advanced Research in Law and Economics*. — 2017. — Vol. 8.No. 7: JARLE Vol. VIII. Iss.7(29) Winter 2017 Published: 201806-17 [Electronic resource]. — Access mode: <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/index>.

И.Ж.Алиева, Е.К. Кубеев

Конституционные основы права на охрану здоровья человека и гражданина

Статья посвящена вопросам конституционного закрепления права на охрану здоровья человека и гражданина. В связи с тем, что право на охрану здоровья, формируя скелет социально-экономических прав, является одним из высших благ, принадлежащих человеку. Закрепление в конституционных нормах данного права может обеспечить высокую правовую гарантированность. При написании статьи авторами была поставлена задача, опираясь на эмпирические и сравнительные методы исследования, раскрыть особенности закрепления права на охрану здоровья в конституционных нормах в Республике Казахстан и зарубежных странах и выявить наиболее эффективные пути правового регулирования. Рассмотрение с теоретической точки зрения понятия и структуры «права на охрану здоровья» дало возможность раскрыть разделение данного понятия на две категории: право человека и гражданина на охрану здоровья и право граждан или населения на охрану здоровья. Право на охрану здоровья берет начало в основных международных актах. В связи с тем, что обеспечение право на охрану здоровья больше всего связано с внутренним законодательством, то перед государством встает задача – приведение конституционных норм в соответствии с международными стандартами. Проведенный сравнительный анализ показал, что в основном при закреплении права на охрану здоровья конституционные нормы имеют схожее содержание, хотя имеются и определенные различия по широте охвата конституционными нормами отношений. Резюмируя выводы по вопросам конституционного закрепления права на охрану здоровья, авторы статьи отмечают положительный опыт некоторых государств, закрепляющий ответственность должностных лиц в сфере обеспечения права на охрану здоровья.

Ключевые слова: человек, конституционное право, социально-экономические права, право на охрану здоровья, Конституция, международные акты, международные стандарты права на охрану здоровья, получение медицинской помощи.

I.Z. Aliyeva, Ye. K.Kubeyev

The constitutional principles of the human right and protection of the health of the citizen

The article is devoted to the issues of constitutional consolidation of the right to the protection of human and citizen health. Due to the fact that the right to health protection forming the skeleton of socio-economic rights is one of the highest benefits belonging to man. Consolidation in the constitutional norms of this law can provide a high legal guarantee. When writing the article, the author set the task, based on empirical and comparative research methods, to reveal the peculiarities of securing the right to health protection in constitutional norms in the Republic of Kazakhstan and foreign countries and to identify the most effective ways of legal regulation. Consideration from a theoretical point of view of the concept and structure of the “right to health protection” made it possible to reveal the division of this concept into two categories: the right of a person and a citizen to health protection and the right of citizens or the population to health protection. The right to health protection originates in the main international acts. Due to the fact that ensuring the right to health care is most associated with domestic legislation, the state is faced with the task of bringing the constitutional norms in accordance with international standards. A comparative analysis showed that, in the main, when securing the right to health protection, constitutional norms have similar content, although there are certain differences in the breadth of coverage of constitutional norms of relations. Summarizing the conclusions on the constitutional enshrining of the right to health, notes the positive experience of some states, securing the responsibility of officials in the field of ensuring the right to health.

Keywords: man, constitutional law, socio-economic rights, the right to health care, the Constitution, international acts, international standards of the right to health care, receiving medical care.

References

- 1 Bazarova, G. (2015). Mezhdunarodno-pravovaia rehlamentatsiia voprosov sotsialno-ekonomicheskoi politiki v stranakh Sodruzhestva Nezavisimykh Hosudarstv [International legal regulation of issues of socio-economic policy in the countries of the Commonwealth of Independent States]. *Pravo, politika, administratsiia – Law, Politics, Administration, Vol. 2*, 1. Retrieved from <http://www.lpajournal.com/> [in Russian].
- 2 See also the comprehensive article by Lawrence, O. Gostin & Allyn, L.Taylor. *Global Health Law: A Definition and Grand Challenges*, 1(1) *Pub Health Ethics* (2008) 53–63.
- 3 Ekonomikalyk, aleumettik zhane madeni kukyktar turaly khalykaralyk Pakt. Ekonomikalyk, aleumettik zhane madeni kukyktar turaly khalykaralyk paktini ratifikatsiialau turaly Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhyly 21 karashadahy N 87 Zany [International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights. The Law of the Republic of Kazakhstan dated November 21, 2005 No. 87 On Ratification of the International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_ [in Russian].
- 4 Ustav (Konstitutsiia) Vsemirmoi orhanizatsii zdravookhraneniia, ratifitsirovannaia 7 apreliia 1948 hodu v Zheneve [Constitution (Constitution) World Health Organization Healthy Renaissance April 7, 1948 in Geneva]. Retrieved from apps.who.int/gb/bd/PDF/bd48/basic-documents-48th-edition-ru.pdf [in Russian].
- 5 Charles C Beitz. *The Idea of Human Rights* (OUP, Oxford, 2009). *books.google.kz*. Retrieved from: books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=McJl4x0-.
- 6 Konstitutsiia Hrechskoi Respubliki, priniataia 11 iunია 1975 h. [Constitution of the Hellenic Republic on 11 June 1975]. *legalns.com*. Retrieved from: legalns.com/компетентные-юристы/правовая-библиотека/конституции-стран-мира/конституция-греции [in Russian]
- 7 Konstitutsiia Belhii ot 17 fevralia 1994 h. [The Constitution of Belgium on February 17, 1994]. *legalns.com*. Retrieved from legalns.com/download/books/cons/belgium.pdf. [in Russian]
- 8 Konstitutsiia Italianskoi Respubliki, priniataia 22 dekabria 1947 h. [Constitution of the Italian Republic on the 22nd of December, 1947]. *legalns.com*. Retrieved from legalns.com/download/books/cons/italy.pdf [in Russian]
- 9 Konstitutsiia Respubliki Bolharii, priniataia 12 iulija 1991 h. [The Constitution of the Republic of Bulgaria adopted on 12 July 1991]. *legalns.com*. Retrieved from: legalns.com/компетентные-юристы/правовая-библиотека/конституции-стран-мира/конституция-болгарии. [in Russian].
- 10 Bazarova, G.S., Bazarova, S.G., Birmanova, A.I., Aliyeva, I.Z., Balgimbekova, G.U., & Nailya, S. (2017). Legal Content and the Issues of Classification of Socio-economic Human Rights. *Journal of Advanced Research in Law and Economics, Vol. 8, 7: JARLE Volume VIII Issue 7(29) Winter 2017* Published: 201806-17. Retrieved from <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/index>.